ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ - ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

yasaui.gazeti@ayu.edu.kz
университет студенттерінің үні
№10 (587) 30 маусым 2025 жыл

# АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ — СЕНІҢ МҮМКІНДІГІҢ!



№10 (587) 30 маусым 2025 жыл

# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

| ББ коды | Білім беру бағдарламалары тобының атауы | Шифр | Білім беру бағдарламаларының атауы | Оқыту тілі |
|---|---|---|---|---|
| B001 | Педагогика және психология | 6B01121 | Психология (ІР) | Қазақ тілі |
| B002 | Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу | 6B01222 | Мектепке дейінгі білім беру (ІР) | Қазақ тілі |
| B003 | Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі | 6B01323 | Бастауыш білім беру (ІР) | Қазақ тілі |
| B004 | Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау | 6B01404 | Бастапқы әскери дайындық | Қазақ тілі |
| B005 | Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау | 6B01425 | Денешынықтыру және спорт (ІР) | Қазақ тілі |
| B006 | Музыка мұғалімдерін даярлау | 6B01426 | Музыкалық білім (ІР) | Қазақ тілі |
| B007 | Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау | 6B01428 | Көркемдік білім (ІР) | Қазақ тілі |
| B009 | Математика мұғалімдерін даярлау | 6B01529 | Математика (ІР) | Қазақ тілі |
| B010 | Физика мұғалімдерін даярлау | 6B01520 | Физика (ІР) | Қазақ тілі |
| B011 | Информатика мұғалімдерін даярлау | 6B01521 | Информатика (ІР) | Қазақ тілі |
| B012 | Химия мұғалімдерін даярлау | 6B01522 | Химия (ІР) | Қазақ тілі |
| B013 | Биология мұғалімдерін даярлау | 6B01523 | Биология (ІР) | Қазақ тілі |
| B014 | География мұғалімдерін даярлау | 6B01524 | География (ІР) | Қазақ тілі |
| B015 | Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау | 6B01625 | Тарих және қоғамтану (ІР) | Қазақ тілі |
| B016 | Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау | 6B01726 | Қазақ тілі мен әдебиеті (ІР) | Қазақ тілі |
| B017 | Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау | 6B01724 | Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті (ІР) | Орыс тілі |
| B018 | Шет тілі мұғалімдерін даярлау | 6B01728 | Шетел тілдері (ағылшын-қытай (ІР) | Қазақ тілі |
| | | 6B01729 | Шетел тілдері (ағылшын-түрік (ІР) | Қазақ тілі |
| | | 6B01721 | Ағылшын тілі (ІР) | Қазақ тілі |
| B021 | Орындаушылық өнер | 6B02165 | Эстрада өнері | Қазақ тілі |
| | | 6B02122 | Дәстүрлі музыка өнері (Халық әні) | Қазақ тілі |
| B027 | Театр өнері | 6B02123 | Актерлік өнер | Қазақ тілі |
| | | 6B02196 | Музыкалық театр артисті | Қазақ тілі |
| B028 | Хореография | 6B02124 | Хореография | Қазақ тілі |
| B031 | Сән, дизайн | 6B02126 | Дизайн | Қазақ тілі |
| | | 6B02184 | Сәндік-қолданбалы өнері | Қазақ тілі |
| B032 | Философия және этика | 6B02286 | Философия-Дінтану | Қазақ тілі |
| B033 | Дінтану және теология | 6B02228 | Дінтану | Қазақ тілі |
| | | 6B02229 | Теология | Қазақ тілі |
| | | 6B02266 | Исламтану | Қазақ тілі |
| B035 | Түркітану | 6B02267 | Түркітану | Қазақ тілі |
| B036 | Аударма ісі | 6B02332 | Шетел филологиясы (ағылшын тілі) | Қазақ тілі |
| | | 6B02333 | Шетел филологиясы (түрік тілі) | Қазақ тілі |
| | | 6B02335 | Аударма ісі: ағылшын тілі | Қазақ тілі |
| B037 | Филология | 6B02336 | Филология: қазақ филологиясы | Қазақ тілі |
| | | 6B02377 | Филология: орыс тілі мен әдебиеті | Қазақ тілі |
| B041 | Психология | 6B03187 | Психология-Дінтану | Қазақ тілі |
| B042 | Журналистика және репортер ісі | 6B03239 | Журналистика | Қазақ тілі |
| | | 6B03279 | Сандық медиа және телерадиожурналистика | Қазақ тілі |
| B044 | Менеджмент және басқару | 6B04140 | Менеджмент | Қазақ тілі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 6B04141 | Мемлекеттік және жергілікті басқару | Қазақ тілі |
| B045 | Аудит және салық салу | 6B04143 | Есеп және аудит | Қазақ тілі |
| B046 | Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі | 6B04142 | Экономика | Қазақ тілі |
| | | 6B04144 | Қаржы | Қазақ тілі |
| B049 | Құқық | 6B04245 | Құқықтану | Қазақ тілі |
| | | 6B04281 | Халықаралық құқық | Қазақ тілі |
| | | 6B04282 | Құқық қорғау қызметі | Қазақ тілі |
| B050 | Биологиялық және сабақтас ғылымдар | 6B05146 | Биология | Қазақ тілі |
| | | 6B05169 | Биотехнология | Қазақ тілі |
| B051 | Қоршаған орта | 6B05247 | Экология | Қазақ тілі |
| B054 | Физика | 6B05348 | Физика | Қазақ тілі |
| B055 | Математика және статистика | 6B05449 | Математика | Қазақ тілі |
| B057 | Ақпараттық технологиялар | 6B06151 | Ақпараттық жүйелер | Қазақ тілі |
| | | 6B06182 | Компьютерлік инженерия | Қазақ тілі |
| | | 6B06181 | Ақпаратты өңдеу және деректерді визуализациялау | Қазақ тілі |
| B062 | Электр техникасы және энергетика | 6B07153 | Электр энергетика | Қазақ тілі |
| B063 | Электр техникасы және автоматтандыру | 6B07154 | Автоматтандыру және басқару | Қазақ тілі |
| B064 | Механика және метал өңдеу | 6B07189 | Машина жасау | Қазақ тілі |
| B091 | Туризм | 6B11157 | Туризм | Қазақ тілі |
| B140 | Халықаралық қатынастар және дипломатия | 6B03138 | Халықаралық қатынастар | Қазақ тілі |
| | Медицина | 6B10188 | Медицина | Қазақ/ орыс тілі |
| | Стоматология | 6B10189 | Стоматология | Қазақ/ орыс тілі |



№10 (587) 30 маусым 2025 жыл

•Талапкер-2025

# ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ

**Көпшіліктің көңілін күпті еткен тест тапсыру маусымы да аяқталып, бітіруші түлектердің университетке түсуге талап қылатын кез де келді. Бүкіл елдегідей, біздің Ахмет Ясауи университетінде де құжат қабылдау науқаны басталды. Жалпы, қабылдаудың тәртібі қандай? Талапкерлер үшін биыл қандай ерекшеліктер бар? Біз Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы, PhD, аға оқытушы Нұрбол Байбаховқа жолығып осы мәселелер бойынша сауалдар қойғанбыз.**

**– Нұрбол Абдурайымұлы шығармашылық емтихан қашан басталады, оның мүмкіндіктері қандай?**

– Шығармашылық мамандықтар үшін 20 маусым – 10 тамыз аралығында құжат қабылданады. Алайда мемлекеттік білім беру гранты конкурсына қатысқысы келетін үміткерлер 7 шілдеге дейін құжат тапсырып үлгеруі қажет. Шығармашылық емтихандар 08-15 шілде аралығында өтетін болады. Шығармашылық бағытты таңдағы талапкерлер 2 шығармашылық емтихан тапсырады, әр емтиханның жоғары балы - 50, яғни екі емтиханнан ең жоғары 100 баллға дейін жинай алады. Әр емтихан бойынша шекті балл - 5. Еске сала кетер болсақ, шығармашылық бағытты таңдаған талапкерлер Ұлттық бірыңғай тестілеуді екі пәннен тапсырады: «Қазақстан тарихы» шекті балл - 5, «Оқу сауаттылығы» – шекті балл - 3.

**– Ахмет Ясауи университетіне атаулы грант бөлінеме? Түркия тарапынан қанша грант бөлінеді және оған талапкерлер қалай қатысып, бақ сынай алады?**

– 2025-2026 оқу жылына бакалавриат деңгейінде 44 білім беру бағдарламалар тобы бойынша білімгер қабылдаймыз деген жоспарымыз бар. Солардың ішінде 42 білім беру бағдарламалары бойынша грант бар, яғни талапкерлер жалпы конкурс бойынша грант конкурсына құжат тапсырған кезде біздің университетімізді таңдай алады. Сонымен қатар, университетімізге педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларына арнайы 200 грант бөлінген. Білім беру гранттары конкурсына қатысу үшін өтініштер 13-20 шілде аралығында қабылданады. Сонымен қатар, талапкерлер үшін біздің университетіміздің басты артықшылықтарының бірі, жыл сайын Түркия Республикасы тарапынан бөлінетін 500 грант (квота). Бұл 500 квотаны кімдер ала алады? Бұл квоталық орындар Қазақстан Республикасы азаматтарына беріледі. Грант конкурсына қатысып, грант иесі бола алмаған негізгі ҰБТ бойынша нәтижесі жоғары талапкерлер квота конкурсына құжат тапсырып, конкурс нәтижесінде жеңіп алуға мүмкіндігі бар. Квота жеңіп алған талапкерлер университетімізде ақсысыз тегін білім алады және оқуға 1 жыл «Дайындық курсы» (Foundation) оқу шартымен қабылданады. Республикалық «Ясауи» пәндік олимпиадасы жүлдегерлері, жалпы білім беретін пәндер бойынша Халықаралық, Республикалық олимпиада жүлдегерлеріне осы квотадан орындар қарастырылады.




**– Ақылы негізде оқуға қабылдаудың шектік балл деңгейі қандай?**

– Денсаулық сақтау саласы бойынша Медицина, Стоматоло-

№10 (587) 30 маусым 2025 жыл

# МҮМКІНДІК МОЛ



гия білім беру бағдарламалары-на шекті балл – 100, педагогикалық білім беру бағыты бойынша - 75 балл, тек шетел тілі мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы – 90 балл, өнер бағыты, Құқық, Дінтану және теология – 75 балл, бизнес және басқрау, жаратылыстану ғылымдары, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша шекті балл – 60.

**– Ахмет Ясауи университетін таңдаған талапкерге қандай мүмкіндіктер бар? Осы жөнінде тарқатып айтсаңыз.**

- Университетіміз білім алушылар үшін өте көп, әрі үлкен мүмкіндіктер ұсынады. Олардың бір шамасына тоқталар болсақ:

Халықаралық диплом, Түркиядағы 100-ден астам университеттерде білім алу және тәжірибеден өту, 4 тілде білім алу, Шетелден келетін тәжірибелі ғалымдар мен оқытушылардан білім алу мүмкіндігі, Халықаралық және республикалық бағдарламалар негізінде сыртқы және ішкі ұтқырлық, Лингвистикалық орталық, «Huawei» лабораториясы, Робототехника және 3D-модельдеу, Студенттік қалашық, гранттар мен жеңілдіктер, онлайн және офлайн кітапхана, Белсенді студенттік өмір, Университет аумағындағы жайлы жатақхана және асхана, медициналық лаборатория және жеке клиника студенттердің игілігіне берілген.

Аталған мүмкіндіктер, білім алушыға бәсекеге қабілетті, бүгінгі күннің талаптарына сай құзыреттерді игерген мықты, білікті маман болып шығуына толық негіз болады. Айта кету парыз, біздің түлектердің 85%-ы жұмыспен қамтылған.

**– Жеңілдіктер бар ма, бар болса оны кімдер пайдалана алады?**

Университетімізде «Ақылы негізде қабылданған білім алушыларға оқу төлемақысына берілетін жеңілдіктер ережесі» бар. Аталған ережеге сай жеңілдік беру комиссиясы құрылып жылына екі рет комиссия отырыс өтеді. Әлеуметтік жағдайы төмен, тұл жетім, мүмкіндігі шектеулі, олимпиада, Әлем, Азия ойындардың жүлдегерлері сияқты т.б. Ережеде көрсетілген санаттар бойынша білім алушылардың өтініштері комиссия отырысында қаралып жеңілдіктер беріледі.Сондай-ақ, қолайлы әрі жақсы жағдай жасалған жатақхана, арзандатылған бағамен түрлі ас мәзірін ұсынатын үлкен орталық асхана студенттерге сапалы қызмет көрсетеді.

Университетіміз жайлы, оның ішіне қабылдауға қатысты, яғни білім беру бағдарламалары, шекті балл, бөлінген гранттар, қажетті құжаттар, маңызды мерзімдер, жеңілдіктер мен мүмкіндіктер, т.б. ақпараттармен университетіміздің ресми сайтынан танысуға болатындығын айтқым келеді.

**– Мазмұнды әңгімеңіз бен маңызды ақпараттарыңыз үшін көп рахмет.**




**Әңгімелескен:**
**Әтіргүл ТӘШІМ.**

# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА ЖОҒАРЫ БІЛІМ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ОҚУҒА ТҮСУ ҮШІН ЕҢ ТӨМЕНГІ БАЛЛ

| Коды | Топтың атауы | Толық оқу түрі | Қысқартылған оқу түрі |
|---|---|---|---|
| B001 | Педагогика және психология | 75 | 0 |
| B002 | Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу | 75 | 0 |
| B003 | Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі | 75 | 0 |
| B004 | Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау | 75 | 0 |
| B005 | Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау | 75 | 35 |
| B006 | Музыка мұғалімдерін даярлау | 75 | 0 |
| B007 | Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау | 75 | 0 |
| B009 | Математика мұғалімдерін даярлау | 75 | 0 |
| B010 | Физика мұғалімдерін даярлау | 75 | 0 |
| B011 | Информатика мұғалімдерін даярлау | 75 | 0 |
| B012 | Химия мұғалімдерін даярлау | 75 | 0 |
| B013 | Биология мұғалімдерін даярлау | 75 | 0 |
| B014 | География мұғалімдерін даярлау | 75 | 0 |
| B015 | Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау | 75 | 0 |
| B016 | Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау | 75 | 0 |
| B017 | Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау | 75 | 0 |
| B018 | Шет тілі мұғалімдерін даярлау | 90 | 0 |
| B021 | Орындаушылық өнер | 75 | 0 |
| B027 | Театр өнері | 75 | 0 |
| B028 | Хореография | 75 | 0 |
| B031 | Сән, дизайн | 75 | 0 |
| B032 | Философия және этика | 60 | 0 |
| B033 | Дінтану және теология | 75 | 35 |
| B035 | Түркітану | 60 | 0 |
| B036 | Аударма ісі | 70 | 0 |
| B037 | Филология | 65 | 0 |
| B041 | Психология | 60 | 0 |
| B042 | Журналистика және репортер ісі | 75 | 0 |
| B044 | Менеджмент және басқару | 60 | 0 |
| B045 | Аудит және салық салу | 60 | 25 |
| B046 | Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі | 60 | 0 |
| B049 | Құқық | 75 | 35 |
| B050 | Биологиялық және сабақтас ғылымдар | 60 | 0 |
| B051 | Қоршаған орта | 60 | 0 |
| B054 | Физика | 60 | 0 |
| B055 | Математика және статистика | 60 | 0 |
| B057 | Ақпараттық технологиялар | 60 | 25 |
| B062 | Электр техникасы және электр энергетикасы | 60 | 25 |
| B063 | Электр техникасы және автоматтандыру | 60 | 0 |
| B064 | Механика және металл өңдеу | 50 | 0 |
| B091 | Туризм | 65 | 0 |
| B140 | Халықаралық қатынастар және дипломатия | 65 | 0 |
| BM086 | Медицина | 100 | 0 |
| BM087 | Стоматология | 100 | 0 |

# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

| Коды | Топтың атауы | Білім беру гранты | |
|---|---|---|---|
| | | Толық оқу түрі | Қысқартылған оқу түрі |
| B001 | Педагогика және психология | Грант бар | |
| B002 | Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу | Грант бар | |
| B003 | Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі | Грант бар | |
| B004 | Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау | Грант бар | |
| B005 | Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау | Грант бар | Грант бар |
| B006 | Музыка мұғалімдерін даярлау | Грант бар | |
| B007 | Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау | Грант бар | |
| B009 | Математика мұғалімдерін даярлау | Грант бар | |
| B010 | Физика мұғалімдерін даярлау | Грант бар | |
| B011 | Информатика мұғалімдерін даярлау | Грант бар | |
| B012 | Химия мұғалімдерін даярлау | Грант бар | |
| B013 | Биология мұғалімдерін даярлау | Грант бар | |
| B014 | География мұғалімдерін даярлау | Грант бар | |
| B015 | Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау | Грант бар | |
| B016 | Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау | Грант бар | |
| B017 | Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау | Грант бар | |
| B018 | Шет тілі мұғалімдерін даярлау | Грант бар | |
| B021 | Орындаушылық өнер | Грант бар | |
| B027 | Театр өнері | Грант бар | |
| B028 | Хореография | Грант бар | |
| B031 | Сән, дизайн | Грант бар | |
| B032 | Философия және этика | Грант бар | |
| B033 | Дінтану және теология | Грант бар | Грант бар |
| B035 | Түркітану | Грант бар | |
| B036 | Аударма ісі | Грант бар | |
| B037 | Филология | Грант бар | |
| B041 | Психология | Грант бар | |
| B042 | Журналистика және репортер ісі | Грант бар | |
| B044 | Менеджмент және басқару | Грант бар | |
| B045 | Аудит және салық салу | Грант бар | Грант бар |
| B046 | Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі | Грант бар | |
| B049 | Құқық | Грант жоқ | Грант жоқ |
| B050 | Биологиялық және сабақтас ғылымдар | Грант бар | |
| B051 | Қоршаған орта | Грант бар | |
| B054 | Физика | Грант бар | |
| B055 | Математика және статистика | Грант бар | |
| B057 | Ақпараттық технологиялар | Грант бар | Грант бар |
| B062 | Электр техникасы және электр энергетикасы | Грант бар | Грант бар |
| B063 | Электр техникасы және автоматтандыру | Грант бар | |
| B064 | Механика және металл өңдеу | Грант бар | |
| B091 | Туризм | Грант бар | |
| B140 | Халықаралық қатынастар және дипломатия | Грант бар | |
| BM086 | Медицина | | |
| BM087 | Стоматология | | |

№10 (587) 30 маусым 2025 жыл

# УНИВЕРСИТЕТІМ – ҚҰТТЫ МЕКЕНІМ




Жыл сайын мыңдаған талапкер білімге деген құлшынысын дәлелдеп, армандаған университетіне түсуге мүмкіндік алады. Биылғы ҰБТ нәтижелеріне қарап, білім алуға деген сұраныс пен талапкерлердің ұмтылысы жоғары деңгейде екенін байқауға болады. Ахмет Ясауи университеті – дәл осындай талапкерлер үшін үздік таңдау.

Біздің университет Қазақстан мен Түркияның бірлескен бастамасымен құрылып, халықаралық деңгейдегі сапалы білім беретін беделді оқу орындарының бірі ғана емес, студенттерге шетелде білім алуға және халықаралық тәжірибе жинауға жағдай жасауымен де ерекшеленеді. Бітіруші курс студенті Назерке Тәжібай – осы мүмкіндіктерді сәтті пайдаланған студенттердің бірі. Ол Орхун ұтқырлық бағдарламасы арқылы Түркияда білімін жетілдіріп, кейін университетінің қолдауымен Түркия мемлекетінің TRT медиа холдингінде өндірістік тәжірибеден өтуге мүмкіндік алды.

Бұл бағдарлама студенттерге тек шетелдік университеттің оқу процесімен танысуға ғана емес, сондай-ақ әртүрлі мәдениеттермен араласып, жеке тұлғалық және кәсіби тұрғыдан дамуына жол ашады.

– «Орхун бағдарламасы менің ой-өрісімді кеңейтті. Түрік студенттерімен бірге білім алу маған жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеруге және болашақ кәсібіме қажетті дағдыларды жетілдіруге көмектесті.

Бұл тәжірибе тек академиялық біліммен ғана шектелмейді, ол мені жаңа мәдениетпен таныстырып, көптеген жаңа достар табуға септігін тигізді», – деді Назерке. Назеркенің айтуынша, университет ұсынған мүмкіндіктер оның болашақта өз саласында табысты маман болуына негіз қалады. Университет шетелдік серіктес оқу орындарымен және түрлі халықаралық ұйымдармен тығыз байланыс орнатып, студенттерге академиялық ұтқырлық бағдарламалары мен өндірістік тәжірибелерді ұсынады. Бұл студенттердің білімін нығайтып қана қоймай, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Құрметті талапкер!

Университет сіздің де армандарыңызды жүзеге асыруға көмектеседі. Түркі әлемінің жүрегінде орналасқан бұл оқу орны студенттерге әлемдік деңгейдегі білім алуға мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың кәсіби және жеке дамуына айрықша үлес қосады.

Ахмет Ясауи университетінің сіз білмейтін артықшылықтары Халықаралық мәртебе және сапалы білім, Университет қазақстандық және түркиялық білім беру стандарттарын біріктіріп, жоғары дәрежелі мамандарды даярлайды. Сіз таңдаған мамандыққа байланысты қазақ, түрік, ағылшын тілдерінде білім алуға мүмкіндік бар.

Ахмет Ясауи университеті талапкерлерге көптеген білім гранттарын ұсынады. ҰБТ нәтижесі бойынша жоғары ұпай жинаған студенттер университет гранттарына ие болады. Одан бөлек Түркия тарапынан жылына 500-ден аса "Түркия квотасы" беріледі. Бұл талапкерлерге арналған бонустық карта секілді. Кез келген университетте бола бермейтін ерекше карта.

Университет тек оқу үдерісін ғана емес, сонымен қатар студенттердің жан-жақты дамуына ықпал ететін инновациялық ортаны ұсынады. Зертханалар, кітапханалар, спорт кешендері және заманауи кампус студенттердің білім алуына қолайлы.

Ахмет Ясауи университетіне оқуға түсу арқылы сіз Түркі әлемінің рухани астанасы – Түркістан қаласында білім алуға мүмкіндік аласыз. Заманауи зерттеулер мен ғылымға қатыса отырып, халықаралық тәжірибені меңгеруіңізге жағдай жасайды. Ахмет Ясауи университеті – сіздің армандарыңызға жетуге арналған ең сенімді жол.

**Жансая Сәрсенәлі,**
**Журналистика түлегі.**

Ясауи университеті
УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ
Газет 1995 жылдан шыға бастады
**Меншік иесі:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
**Редактор: ӘТІРГҮЛ ТӘШІМОВА**

Медиа және PR орталығы
Тілшілер: Журналистика кафедрасының студенттері
Көркемдеуші редактор: Асқат СӘДІБЕКОВ
Фототілші: Нақып ШЫНТЕМІРОВ

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды.Редакцияға жолданған хаттар 1,5 компьютерлік беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

**Газетті есепке қою туралы**
№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

**2019 жылдың қаңтарынан бастап « Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.**

**Редакция мекен-жайы:** 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. **Байланыс телефоны:** 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) **Эл.пошта:** a.yassaui@mail.ru